

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАНЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ  
ЖӨНІНДЕГІ ЖОБАЛАУ КЕҢСЕСІ**

**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ ЖОБАСЫ  
БОЙЫНША АРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕБІ**

**Көкшетау 2021**

*Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАНЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ  
ЖӨНІНДЕГІ ЖОБАЛАУ КЕҢСЕСІ*

**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ ЖОБАСЫ  
БОЙЫНША АРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕБІ**

**1. Қысқаша кіріспе**

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев **2020 жылғы 24 қарашадағы** «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлығы шыққанға дейін саяси қуғын-сүргін тарихи кезеңі бойынша Республика көлемінде, соның ішінде Ақмола облысында жүйелі зерттеу жұмыстары ұйымдастырылмаған еді. Қуғын-сүргін құрбандары жайлы мәліметтері бар архив қорлары жабық күйде және жекелеген зерттеушілерге қол жетімді болмағандықтан, осы кезең бойынша толыққанды ғылыми көзқарас қалыптаспай отырғаны белгілі. Қазіргі таңға дейін саяси-қуғын сүргін құрбандары арасында қанша адам ақталып, қанша адам ақталмай қалғаны белгісіз боп отыр, сондай-ақ, мүліктік кәмпескеге ұшырап, таптық жау-элементі ретінде қуғындалған бай-кулақтар, шекара асып, туған жерін тастап, саяси босқындар, 1921-1922 және 1931-1933 жж., ашаршылық кезіне құрбан болған халық саны, зұлматты жылдары қуғындалған, құрбан болған ұлттық мәдениетті дамытуға үлес қосқан ағартушы-ғалымдар мен діни өкілдер саны және т.б. жайлы нақты статистикалық мәліметтер анықталмаған.

Осыған байланысты **2021 жылдың 19 қаңтарында** Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Ақмола комиссиясы құрылған болатын. Комиссияның басты міндеті – кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру.

Осы орайда, зұлматты жылдардың ақтаңдақтарын анықтап, тарихи әділеттілік орнатып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтап, осы кезеңге ғылыми-тарихи баға беру Ақмола облысы аймақтық комиссиясы бірнеше отырыстар мен маңызды іс-шаралар өтті.

Атап айтқанда, **2021 жылдың 30 наурызында** Ақмола облысы әкімдігінде Ақмола облысының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі комиссияның алғашқы отырыс өтіп, оған саяси қуғын-сүргін құрбандары жайлы шолу баяндамасымен **Сейітқасымов Аманбай Асылбайұлы** қатысты. Сол күні – **2021 жылдың 30 наурызында** Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде «Отан тарихы және Рухани жаңғыру» кафедрасының ұйымдастыруымен **«Әлихан Бөкейхан және Есіл-Көкше өлкесінің саяси қуғын-сүргін құрбандары»** атты ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Ғылыми семинарға т.ғ.к., профессор міндетін атқарушы **Сейітқасымов А.А.**, т.ғ.к., профессор міндетін атқарушы **Бексейітова А.Т.**, т.ғ.к., доцент **Өтегенов М.З.** және докторанттар мен магистранттар қатысып, баяндамалар жасады.

**2021 жылдың 05 сәуірінде** Ақмола облысының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі комиссияның екінші отырысы өтті. Аталмыш іс-шараға **Сейітқасымов Аманбай Асылбайұлы** «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру» баяндамасымен қатысып, өзекті мәселелер мен ұсыныстарды көтерген болатын.

2021 жылдың 28 мамырында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде «Отан тарихы және Рухани жаңғыру» кафедрасының ұйымдастыруымен Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған дөңгелек өтті. Дөңгелек үстел жұмысына **Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты Саиров Ерлан Бижахметұлы**, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры **Байтук Ғалым Сембекұлы**, Тарих, заңтану, өнер және спорт факультетінің деканы **Бексейітова Ақбота Тастамбекқызы** және жас ғалымдар – докторанттар мен магистранттар қатысты.



2021 жылдың 08 маусымында Ақмола облысының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі комиссияның үшінші отырысы өтіп, іс-шараға **Ақмола облысы әкімі Маржықпаев Ермек Боранбайұлы** қатыстып жетекшілік етті. Осы іс-шараға Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінен **Сейітқасымов Аманбай Асылбайұлы** «Жаппай саяси қуғын-сүргінді зерттеудің қазіргі таңдағы бағыттары мен дереккөздері» атты баяндамасымен қатысты.

2021 жылдың 11 маусымында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті жанында «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде Жобалық кеңсе ашылып, оған университеттің тарихшы-ғалымдары мен жергілікті өлкетанушы-зерттеушілер жұмысқа тартылды

(<https://kokshetautv.kz/ru/news/society/reabilitaciya-zhertv-politicheskikh-repressii-budet-prodolzhena>).



**2021 жылдың 14 маусымында** Саяси қуғын-сүргін құрбандар ақтау Мемлекеттік комиссиясының мүшелері – **Қасымов Сабыр Ахметжанұлы мен Әбдіғалиев Берік Бақытұлы** Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетіне келіп, Жобалық кеңсенің жұмысымен танысу мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Іс-шараны **Ш. Уәлиханов атындағы**

**Көкшетау университетінің ректоры Сырлыбаев Марат Қадірұлы** жүргізіп, басқарды. Сондай-ақ дөңгелек үстелге **Ақмола облысы әкімінің орынбасары Мысырәлімова Айна Ермекқызы, т.ғ.к., профессор міндетін атқарушы Бексейітова А.Т., т.ғ.к., доцент Өтегенов М.З.** және гуманитарлық ғылымдар магистрі **Төлепбергенов Ғ.М.** есептік баяндамалар жасады.



Маусым айының ішінде Жобалау кеңсесі аясында **7 зерттеу бағыты** бойынша жұмыс топтары құрылып, әр топқа жетекшілер тағайындалды.

1 топ - ақталмаған құрбандар мен ГУЛАГ лагерлерінде болған зардап шеккендер бойынша;

2 топ - Қазақстанға күштеп, мәжбүрлеп жер аударылғандар және арнайы қоныс аударылғандар бойынша;

3 топ - көтерілістерді басу барысында сотсыз және тергеусіз атылған, сондай-ақ осы көтерілістерге қатысқаны және қолдауы үшін соттан тыс және сот органдарымен қуғын-сүргінге ұшыраған күштеп ұжымдастыру құрбандарын, кулактарды, байларды, жартылай феодалдарды және шаруаларды ақтау бойынша;

4 топ – 1916-1930 жж. Қазақстандық саяси босқындарды ақтау бойынша;

5 топ - саяси қуғын-сүргін құрбандары – дәстүрлі дін өкілдерін ақтау бойынша;

6 топ - 1939-1945 жылдары фашистік Германия мен басқа да еуропа елдерінің тұтқынында болған әскери тұтқындарды ақтау бойынша;

7 топ – саяси сөз сөйлеу, көпшілік алдында баяндама жасау, және сонымен қатар, қызметтік, ғылыми, мәдени және өзге де салалар бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғаларды зерттеу бойынша жұмыстар жасайды.

**Аталмыш жеті топ осы бағыттар бойынша мәліметтерді, деректерді іздестіру және т.б. міндеттері қойылды:**

- ақталмаған құрбандар мен ГУЛАГ лагерлерінің тізімін құрастыру, лагерьлердің картасын реконструкциялау, орны мен ресми атауын, нөмірін анықтау, далалық-ғылыми зерттеулер барысында жергілікті тұрғындардан естелік деректер жинау және т.б.;
- ашық және жабық архив қорларынан Қазақстанға күштеп жер аударылғандар мен арнайы қоныс аударылғандарға қатысты мәліметтерді іздестіру, олардың тізімін құрастыру және т.б.;
- совет билігіне бас көтерулердің негізгі ошақтарын анықтау үшін облыс аумағы көлемінде жергілікті елдімекендерге далалық-ғылыми зерттеулер жүргізу, ОГПУ үштігімен сотсыз және сот органдарымен қуғын-сүргінге ұшыраған бай-кулактардың және өзге де құрбандардың тізімін даярлау мақсатында ашық және жабық архив қорларындағы істерді қарастыру және т.б.;
- 1916-1930 жж. Ақмола облысы аумағынан Отанды тастап, бас сауғалап қашуға мәжбүр болған саяси босқындардың тізімін құрастыру мақсатында зерттеу бағытына қатысты Ақмола облысы мемлекеттік архивінің қорларында бар барлық істермен танысып, мәліметтерді жинастыру, саяси қашқындардың қашу бағыттарын анықтау, олардың отбасылық құрамын, жас ерекшеліктерін, шекараалық аймақта қызыл әскермен қақтығыстары жайлы деректерді, жол бойында ауырған науқастар мен өлген адамдардың санын, және саяси босқындарға тағылған айыптау баптарын анықтау;
- саяси қуғын-сүргін құрбандары болған дәстүрлі дін өкілдерінің тізімін құрастыру мақсатында ашық және жабық архив қорларындағы істерді қарастыру, Ақмола облысы аумағында зұлматты жылдары қиратылып, бұзылған, тоналған мешіттер мен шіркеулердің тізімін құрастыру, олардың орнын анықтап, картасын жасау, жергілікті елдімекен тұрғындарынан ауызша деректер жинастыру және т.б.;
- 1939-1945 жылдары фашистік Германия мен басқа да еуропа елдерінің тұтқынында болған әскери тұтқындарды ақтау бағыты аясында ашық және жабық архив қорларындағы істерді қарастыру және т.б.;
- саяси сөз сөйлеу, көпшілік алдында баяндама жасау, және сонымен қатар, қызметтік, ғылыми, мәдени және өзге де салалар

бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғаларды анықтау мақсатында ашық және жабық архив қорларын қарастыру, жергілікті елді мекендерге далалық-ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және т.б.;

- барлық (7) бағыттар бойынша жаппай саяси қуғын-сүргінге әкеп соққан тарихи мән-жайлар мен оқиғалар туралы мәліметтер көрсетілген фактологиялық деректерді, куәліктерді анықтау мақсатында жабық қорлардың материалдарын, ҚР Орталық Архивін, ҚР Президенті архивінің, облыстық және аудандық архивтердің материалдарын, облыстық және аудандық комиссиялардың осы науқандары бойынша шешімдер мен материалдарды зерделеу.

Қазіргі таңда, Ақмола облысы мемлекеттік архиві қорлары және Ақмола облысы Полиция департаментінің жабық қорларымен жұмыс жасап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша тиісті істерді қарастыруда.

Сонымен қатар, Жобалық кеңсенің зерттеу топтары ақпараттық-насихаттық бағыттағы жұмыстарды белсенді жүргізуде. Осы есептік кезең уақыт аралығында келесі мақалалар жарыққа шықты:

- «Ақмола губерниясындағы ажал араны», авторы – т.ғ.к. Сейітқасымов А.А., 27 маусым 2021 жыл, «Егемен Қазақстан» газеті <https://egemen.kz/article/279763-aqmola-guberniyasyndaghy-adgal-arany>;
- «Ақмола өңіріндегі 1921-1922 жылдардағы ашаршылық толық зерттелді ме?», авторы – т.ғ.к. Сейітқасымов А.А., 27 сәуір 2021 жыл, «Арқа ажары» газеті;
- «В судьбе семей – трагедия народа», авторлары - т.ғ.к. Сейітқасымов А.А., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің магистранты Тюлебаева О.С., 29 сәуір 2021 жыл, «Ақмолинская правда» газеті;
- «Зұлмат жылдар қасіреті жан-жақты зерттеліп, жазықсыз жаппа шеккендер толық ақталуы тиіс», авторы - Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ректоры Сырлыбаев М.Қ., 21 тамыз 2021 жыл, «Арқа ажары» газеті.

Сондай-ақ, фейсбук әлеуметтік желісінде «Ақмола облысы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» атты қауымдастық парақшасы ашылып, онда Жобалық кеңсе аясында құрылған зерттеу топтарымен жүргізіліп жатқан жұмыстар келесі ақпараттар берілді:

- <https://www.facebook.com/groups/188877329880574/permalink/> 8 қыркүйек 2021 жыл;
- <https://www.facebook.com/groups/188877329880574/permalink/188903446544629/> 8 қыркүйек 2021 жыл;
- <https://www.facebook.com/groups/188877329880574/permalink/193468482754792/> 16 қыркүйек 2021 жыл;
- <https://www.facebook.com/groups/188877329880574/permalink/194039279364379/> 17 қыркүйек 2021 жыл;



- <https://www.facebook.com/100072521775662/videos/576613156899159> / 19 қыркүйек 2021 жыл;
- <https://www.facebook.com/groups/188877329880574/permalink/195940465840927/> 22 қыркүйек 2021 жыл;
- <https://www.facebook.com/groups/188877329880574/permalink/197169435718030/> 23 қыркүйек 2021 жыл;

## **НӘТИЖЕЛЕР.**

Зерттеу тобының ғалымдары Ақмола облысы Полиция департаменті архивінің жабық қорларында жұмыс істеп, осы есептік кезең ішінде аралық нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Соның ішінде келесі **ақталмаған саяси қуғын-сүргін құрбандарының тізімі ақтау бойынша Мемлекеттік комиссияның қаралуына ұсынылады:**

1. Алижанов Балтабай, туған жылы – 1917, өтеу жазасы - ЕТЛ (еңбекпен түзеу лагерінде) 10 жыл;
2. Уваисов Негмет, туған жылы 1908, өтеу жазасы - ЕТЛ-де 10 жыл;
3. Андросюк Василий Дорофеевич, туған жылы 1905, өтеу жазасы – ЕТЛ-де 10 жыл;
4. Байманов Дисюмбай, туған жылы 1908, өтеу жазасы – ЕТЛ-де 8 жыл;
5. Гофман Эдуард Георгиевич, туған жылы 1917, өтеу жазасы –10 жыл;
6. Бердыбеков Трахан (Таракани), туған жылы шамамен 1875, өтеу жазасы – ЕТК (еңбекпен түзеу колониясында) 8 жыл;
7. Попов Александр Федорович, туған жылы 1897, өтеу жазасы – ЕТК-да 8 жыл;
8. Виноградов Алексей Михайлович, туған жылы 1901, өтеу жазасы – белгісіз;
9. Крутиков Андрей Николаевич, туған жылы 1890, өтеу жазасы – белгісіз;
10. Голубев Василий Павлович, туған жылы 1882, өтеу жазасы – белгісіз;
11. Варенников Евгений Афанасьевич, туған жылы 1904, өтеу жазасы – белгісіз;
12. Зубко Мефодий Григорьевич, туған жылы 1893, өтеу жазасы – белгісіз;
13. Винцев Иван Федорович, туған жылы 1912, өтеу жазасы – ЕТЛ-де 10 жыл;
14. Гинц Фридрих Карлович, туған жылы 1901, өтеу жазасы – белгісіз;
15. Дубровин Андрей Ильич, туған жылы 1912, өтеу жазасы – белгісіз;

16. Демидов Николай Осипович, туған жылы 1912, өтеу жазасы – белгісіз;
17. Осипов Александр Семенович, туған жылы 1896, өтеу жазасы белгісіз;
18. Садвакасов Кенебай, туған жылы 1912, өтеу жазасы – белгісіз;
19. Прилепкина Лукерья Яковлевна, туған жылы 1904, өтеу жазасы белгісіз;
20. Долиненко-Балгабекова Екатерина Федоровна, туған жылы 1924, өтеу жазасы – 5 жыл;
21. Сугралинов Бапи, туған жылы 1884, өтеу жазасы – 18 жыл;
22. Ергалиев Абди, туған жылы 1892, өтеу жазасы – 25 жыл;
23. Маслов Петр Васильевич, туған жылы 1911, өтеу жазасы - ату жазасы, 58 бап;
24. Глухоманчук Дмитрий Дмитриевич, туған жылы 1892, өтеу жазасы – ЕТК-да 8 жыл;
25. Галиев Нагим Садыкович, туған жылы 1874, өтеу жазасы – ЕТК-да 10 жыл;
26. Дарбаев Каиркен, туған жылы 1918, өтеу жазасы – ЕТК-да 15 жыл;
27. Дацук Захар Ипполитович, туған жылы 1905, өтеу жазасы – ату жазасы, 58 бап;
28. Жайсамбаев Мергали, туған жылы 1980, өтеу жазасы – шешім жоқ;
29. Князькин Анисим Степанович, туған жылы 1898, өтеу жазасы – ЕТК-де 5 жыл;
30. Кобзарь Владимир Тихонович, туған жылы 1911, өтеу жазасы – ЕТЛ-де 6 жыл;
31. Ирлик Яков Тимофеевич, 1892, өтеу жазасы – жазадан қашқан, шешім жоқ;
32. Кунмов Федор Григорьевич, туған жылы 1891, өтеу жазасы – ЕТЛ-де 5 жыл;
33. Кленов Алексей Яковлевич, туған жылы 1915, өтеу жазасы – ЕТК-да 7 жыл;
34. Крутков Иван Маркович, туған жылы 1893, өтеу жазасы – ЕТК-да 10 жыл;
35. Кузнецов Сергей Петрович, туған жылы 1908, өтеу жазасы – ату жазасы ЕТК-да 15 жылға ауыстырылған;
36. Касьянов Николай Александрович, туған жыл 1907, өтеу жазасы – ЕТК-да 5 жыл;
37. Королюк Иван Федорович, туған жылы 1909, өтеу жазасы – ЕТК-да 4 жыл;
38. Лялькин Иван Петрович, туған жылы 1907, өтеу жазасы – ЕТК-да 10 жыл;
39. Леонов Михаил Андреевич, туған жылы 1877, өтеу жазасы – ЕТК-да 10 жыл;



40. Мукушев Имангалий, туған жылы 1902, өтеу жазасы – шешім жоқ;
41. Мусин Макиш, туған жылы 1890, өтеу жазасы – ЕТК-да 10 жыл;
42. Муравский Томаш Станиславови, туған жылы 1886, өтеу жазасы – шешім жоқ;
43. Мустафин Абдулла, туған жылы 1885, өтеу жазасы – жазадан қашқан, шешім жоқ;
44. Маслов Петр Васильевич, туған жылы 1911, өтеу жазасы – ату жазасы;
45. Осокина София Васильевна, туған жылы 1922, өтеу жазасы – ОГПУ үштігімен ату жазасына кесілген;
46. Пономарев Георгий Петрович, туған жылы 1915, өтеу жазасы – ЕТК-да 10 жыл;
47. Пряхин Иван Тереньевич, туған жылы 1911 жылы, өтеу жазасы – шешім жоқ;
48. Проскура Григорий Степанович, туған жылы 1890, өтеу жазасы – шешім жоқ;
49. Проскура Степан Степанович, туған жылы 1896, өтеу жазасы – шешім жоқ;
50. Святушев Алексей Александрович, туған жылы 1913, өтеу жазасы – ЕТК, мерзімі белгісіз;
51. Тлеубаев Акан, туған жылы 1900, өтеу жазасы – белгісіз;
52. Усенов Каиржан, туған жылы 1888, өтеу жазасы – 15 жыл.

Ақталмаған, күштеп Қазақстанға жер аударылған және арнайы қоныс аударылғандар («немістер» есепке алу санаты) бойынша Ақмола облысы Полиция департаментінің жабық 9 қорының 318 істері қаралды.

**1930-1940 жылдар аралығында Ақмола облысы күштеп жер аударылғандардың аралық тізімі:**

1. Отағасы - Финк Готлиб Карлович, туған жыл 1918,
2. Жұбайы - Финк Гермина Ивановна, туған жылы 1918
3. Қызы - Финк Ирма Готлибовна, туған жылы 1942
4. Қызы - Финк Гильда Готлибовна, туған жылы 1944
5. Ұлы - Финк Готлиб Готлибович, туған жылы 1946.
6. Отағасы - Тах Генрих Генрихович, туған жылы 1897
7. Жұбайы - Тах Тереза Карловна (1899)
8. Ұлы - Тах Андрей Генрихович (1925)
9. Ұлы - Тах Фридрих Генрихович (1929)
10. Қызы - Тах Мария Генриховна (1931)
11. Қызы - Тах Тереза Генриховна (1935 )
12. Ұлы - Тах Иван Генрихович (1938)
13. Михель Виктор Александрович (1932)
14. Отағасы Финк Фридрих Карлович (1900)
15. Жұбайы - Финк Елизавета Генриховна (1904)
16. Ұлы - Финк Карл Фридрихович (1927),

17. Келіні - Финк Мария Ивановна (1928)
18. Қызы - Финк Германа Фридриховна (1930),
19. Ұлы Фридрих Фридрихович (1934)
20. Ұлы - Финк Александр Фридрихович (1936)
21. Қызы - Финк Фрида Фридриховна (1938)
22. Қызы - Финк Эльза Фридриховна (1948)
23. Отағасы - Финк Генрих Фридрихович (1925)
24. Жұбайы - Финк София Карловна (1927)
25. Ұлы - Финк Генрих Генрихович (1948)
26. Либрехт Софья Фридриховна (1895)
27. Ұлы - Либрехт Фридрих Генрихович (1929)
28. Қызы - Либрехт София Генриховна (1923)
29. Қызы - Либрехт Ольга Генриховна (1934)
30. Ұлы - Либрехт Карл Генрихович (1937)
31. Немересі - Либрехт Виктор Генрихович (1947)
32. Отағасы - Бастрон Егор Егорович (1920),
33. Жұбайы - Бастрон Эмилия Ивановна (1926)
34. Ұлы - Бастрон Давид Егорович (1949),
35. Шешесі - Бастрон Анна-Елизавета (1892)
36. Інісі - Бастрон Генрих Егорович (1931)
37. Інісі - Бастрон Иван Егорович (1935),
38. Әкесі - Бастрон Егор Егорович (1899 г.р.)
39. Отағасы - Бастрон Генрих Егорович (1897)
40. Жұбайы - Бастрон Терезя Карловна (1903)
41. Қызы - Бастрон Терезия Генриховна (1936)

**БАРЛЫҒЫ – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН 93 АДАМ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯҒА АҚТАУҒА ҰСЫНЫЛАДЫ.**

### **ЗЕРТТЕУ ТОПТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ.**

Ақталмаған құрбандар мен ГУЛАГ лагерлерінде болған зардап шеккендер бойынша Ізерттеу тобы (Сейітқасымов А.А., Наурызбаев Е.А., Жусупова Р.К., Шапкенов А.А.) қажетті материалдарды екі бағыт бойынша іздестіруде: бірінші бағыт - Ақмола облысы Полиция департаментінің жабық қорларында архив деректерімен жұмыс, екінші бағыт – жергілікті елді мекендеріне барып тұрғындардан сұқбат алу және лагерлер орындарына далалық ғылыми-зерттеу экспедициялар жасау. Екі бағытта әжептеуір ресурстарды талап етеді. Қазіргі уақытта Ақмола облысы Полиция департаментінің жабық қорларында архив деректерімен жұмыс қарқын алып жүруде. Ал алғашқы далалық ғылыми-зерттеу экспедициялары қыркүйек айларында жоспарланып жүзеге асырылды.

7 қыркүйек күні «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» жобасы аясында құрылған ғылыми комиссия координаторы Сейітқасымов Аманбай Асылбайұлы бастаған зерттеуші-ғалымдар тобы - Ш. Уәлиханов атындағы

Көкшетау университетінің Қазақстан тарихы және Рухани жаңғыру кафедрасының оқытушы-ғалымдары, докторанттар мен магистранттар, және сондай-ақ, Зеренді ауданының мемлекеттік архивінің директоры Сейфулин Тілеген Ержігітұлы, Тарихи мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығының директор міндетін атқарушысы Рахимжанова Гүлім Амангелдіқызы, Ақмола облысының мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының архивтер жұмысын қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Ержан Әлпейісұлы Бекеев Ақмола облысы Зеренді ауданының Уголки, Баратай, Симферополь елдімекендеріне іс-сапармен (ғылыми далалық зерттеу) барып қайтты.

Ғылыми далалық зерттеу жұмысының басты мақсаты - Зеренді ауданының Баратай, Уголки, Симферополь елдімекендері бойында орналасқан ХХ ғасырдың 30-50 жж. саяси тұтқындар лагерлеріне барлау жұмыстарын жүргізу және жергілікті тұрғындардан осы лагерлер жайлы естелік әңгімелер, ауызша түпнұсқа деректер жинау және т.б.

Зерттеу жұмысы барысында топ мүшелері Уголки ауылының тұрғындары Закирин Қожабек Нығметжан ағамызбен және 1941 жылы соғыстың алғашқы күз айларында Саратов облысынан күштеп қоныс аударылған немістер отбасылары арасында болған Кем Фрида Георгьевна апамызбен кездесіп, тұтқындар азап шеккен лагер туралы естеліктерін жазып алды. Сондай-ақ, зерттеу тобы Симферополь ауылдық округіне қарасты Озерный елдімекені жанында ХХ ғасырдың 30-50 жж орналасқан саяси тұтқындар лагерінің орнына да барлау жұмыстарын жасап қайтты.

Бұл бірегей жобаның тырнақалды нәтиже көрсеткіштері қана, алда әлі қырауар жұмыс күтіп тұр. Зерттеу тобы саяси тұтқындар лагерлер желісінің картасын қалпына келтіріп, барынша мәліметтерді толықтыруға тырысатын болады.



Кем Фрида Георгьевна

1938 жылы Саратов облысы Бальцер қаласының тумасы. 1941 жылы қыркүйек айының басында 3 жасар Фрида Георгьевна отбасымен бірге Зеренді ауданының Баратай ауылына күштеп қоныстандырылады. Кейін әкесі Уголки селосына жұмыс тауып, отбасымен бірге көшеді.

Активация Windows  
Полная информация Windows, перейдите к

Ал 16 қыркүйек күні «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» жобасы аясында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті жанындағы ғылыми комиссияның координаторы **Сейітқасымов Аманбай Асылбайұлы** Зеренді ауданының Симферополь және Бұлақ ауылдарына далалық-ғылыми іс-сапармен барып, сол ауылдардың жергілікті ақсақалдарымен, тұрғындарымен кездесіп, олардан ауызша сұқбат алып, ғылыми жобаға қатысты мәліметтерді жинастыра алды.

Атап айтқанда, Симферополь ауылының 90 жастағы қариясы Омаров Ғалым өткен ғасырдың 50-ші жылдары Озерный ауылының жанындағы лагерьде әкесі «стрелок» - күзетші болғанын айтып, өз естеліктерімен бөлісті. Лагерь тұтқындарының күнделікті өмірінен де мәліметтер берді («тұтқындағы адамдар ауыл жанында егін екті», «Су мұнарасын жапондықтар кірпіштен қалап тұрғызды» және т.б.). Ал Бұлақ ауылының ақсақалы (туған жылы 1928 жыл) Баймұратов Мәнәп тоталитарлық казармалық жүйенің қылышынан қан тамған жылдары Озерный ауылындағы МТС токарь болып жұмыс істеген екен. Жас токарь Мәнәп сол жылдары лагерьдегі тұтқындардың өлі денелері қоймада бірінің үстіне бірі үйіліп тұрғанын және тағы басқа жантүршігерлік оқиғаларды өз көзімен көргенін айтты.



Топ басшысы Аманбай Асылбайұлы экспедициядан оралысымен Нұрсұлтан қаласындағы Жапон елшілігіне хабарласып, Озерный лагерінде тұтқын болған жапон әскерилері жайлы мәліметпен бөлісті. Озерный лагері туралы мәлімет жапондықтарды қатты қызығушылығын тудырды. Қазіргі таңда Озерный лагерін зерттеу, тарихи орнын қорғау, насихаттау бойынша екіжақты келіссөздер жүргізілуде.

**Қазақстанға күштеп, мәжбүрлеп жер аударылғандар және арнайы қоныс аударылғандар бойынша 2 зерттеу тобы** (*Куштаева А.Б., Идрисов Р.А., Абдрахманова С.А.*).



Жұмыс тобы қызметінің бағыты: Жаппай саяси қуғын-сүргінге әкеп соққан тарихи мән-жайлар мен оқиғалар туралы мәліметтер көрсетілген фактологиялық деректерді, куәліктерді анықтау мақсатында ҚР ОММ қорларының, ҚР Президенті Архивінің, Ақмола облысы полиция департаментінің жабық қорларының, облыстық және аудандық мұрағаттардың материалдарын, облыстық және аудандық комиссиялардың осы науқандары бойынша шешімдер мен материалдарды зерделеу.

Жұмыс тобы ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасының архивінде аймақтық комиссияның қорытындысын дайындау үшін ақталмаған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының деректерін өңірлік комиссияның қарауына



одан әрі шығару үшін электрондық деректер базасын қалыптастыру бойынша жұмысты бастады.

Қазақстанға күштеп жер аударылған және арнайы қоныс аударылғандар, соның ішінде «немістер» - есепке алу санаты бойынша арнайы қоныс аударылғандардың 9 қорының 301 жеке істері қаралды және зерделеніп талданды.



Оның ішінде:

Ақмола облысына 1930-1940 жылдары келген және КСРО ІІМ 1954 жылғы 20 тамыздағы №00813 және 1955 жылғы 16 желтоқсандағы № 0601 бұйрықтары негізінде арнайы қоныс аударушылар есебінен шығарылған арнайы қоныс аударушылар.

Архивтегі жұмыс кезеңі: маусым-тамыз-қыркүйек айлары, 2021 ж. есепті кезеңде жұмыс тобының мүшелеріне берілген істердің саны мен күні, аты-жөні жазылған жазбалар журналында ақпарат бар.

Қазіргі уақытта 2 зерттеу топ құрамы архив қорларында зерттеу жұмыстарын жалғастыруда.


**Көтерілістерді басу барысында сотсыз және тергеусіз атылған, сондай-ақ осы көтерілістерге қатысқаны және қолдауы үшін соттан тыс және сот органдарымен қуғын-сүргінге ұшыраған күштеп ұжымдастыру құрбандарын, кулактарды, байларды, жартылай**

**феодалдарды және шаруаларды ақтау бойынша 3 зерттеу тобы**  
(Утегенов М.З., Шукеева А.Т., Абиьқадыров А.Б.)

3 зерттеу тобының жұмыс бағыты зұлматты жылдардың әр алуан тақырыптарын қозғағандықтан, топ құрамының зерттеушілер жобаның өзге де бағыттарын қамтып, белсенді жұмыс атқарды. Мысалға топ жетекшісі Марат Зеннатұлы қатарынан екі рет Мемлекеттік комиссияның республикалық онлайн-семинарға баяндама оқып, Жобалық кеңсе жұмысы жайлы ақпарат берсе, топ мүшелері Арман Баянұлы мен Айнұр Таласбекқызы Зеренді ауданында орны сақталған тұтқындар лагері жайлы тың деректер тауып, Жобалық кеңсенің жұмысына серпін берді.



3 топ зерттеу құрамы өз жұмысын тамыз айынан бастап, бірнеше іс-шаралардың ұйымдастыруына ат салысып, өзге де зерттеу жұмыстарына белсене қатысты.



27 тамыз күні Павлодар облысы әкімдігі ұйымдастырған «372 көтерілісті басу барысында сотсыз және тергеусіз атылған, сондай-ақ осы көтерілістерге қатысқаны және қолдағаны үшін соттан тыс және сот органдары қуғын-сүргіндерге ұшыраған саяси қуғын-сүргіндер құрбандары



туралы ақпарат және материалдар жинау жөніндегі жұмыс тәжірибесімен алмасу туралы» республикалық онлайн-семинарға Ақмола облысы өңірлік комиссиясынан Утегенов Марат Зеннатұлы баяндама жасады. Баяндамада Марат Зеннатұлы Ақмола облысы аймағында Совет билігінің саясатына қарсы бас көтерілер жайлы фактілер келтіріп, негізгі ошақтарын атап өтті. Сонымен қатар, зерттеу тобы қоғаммен кері байланыс орнатып, жобаға қатысты архив қорларында кездеспейтін, тың деректер мен мәліметтерді жинастырып жатқаны жайлы айтты. Мысалға, кейбір қала тұрғындары өздері келіп отбасыларының тарихымен бөлісуде. Мәселен, қазір Нұр-Сұлтан қаласында тұратын Баратай ауылының тумасы Абиькадыров Самат Серикбаевич атасының ұжымдастыру жылдарында малдары тәркіленіп қудаланғандығы жөнінде мәліметпен бөлісті.

Ақмола облысының мемлекеттік мұрағатының құнды құжаттарының ішінде біздің жұмыс тобымызды қызықтырған «Ақмола губерниясының Көкшетау уездік кеңестік жұмысшы-шаруа милициясының» баяндамалары, есептері мен мәліметтері жинақталған қорларды атауға болады (Қор 54. Тізім 1.), мәселен бұл құжатта халықтың бас көтеруіне қатысты және көтеріліс орындары мен нақты адамдардың есімдеріне қатысты мәліметтер жинақталған.




17 қыркүйек күні Қостанай облысының жобалық кеңсесінің ұйымдастыруымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау республикалық комиссиясының 3 зерттеу бағыты бойынша «Кулактарды, байларды, жартылай феодалдарды (орта шаруаларды) және крестьян-шаруаларды ақтау бойынша қорытындылар мен ұсынымдар әзірлеу, зерделеу бойынша материалдар жинау бойынша ақпарат және жұмыс тәжірибесімен алмасу туралы» семинарға т.ғ.к., доцент **Утегенов Марат Зеннатұлы** қатысып, өзі басшылық ететін топтың жұмыс барысы жайлы баяндама жасады.

Баяндамада Марат Зеннатұлы топ құрамы қазіргі уақытта бай-кулактарға қатысты құжаттарды қарастырып аты-жөндері мен

категорияларын анықтап тізімдерін жасап жатқаны жайлы тоқталды. «Категорияларды анықтау өте маңызды, өйткені байлық-дәулетіне /мал санына/ қарамай қудаланған отбасылар жеткілікті. Мұндай фактілердің болуы негізінен олардың әлеуметтік шығу тегіне байланысты және кәмпескелеу мен ұжымдастырудың жоспарын асыра орындаумен байланысты жүргізілген», - деп маңызды жайттарға баса назар аударды.

Мемлекеттік комиссияның қызметін сүйемелдеу бойынша жобалық кеңсенің жетекшісі **Сабыр Ахметжанұлы Қасымов** пен өңірлік топ жетекшілері Марат Зеннатұлы жасаған баяндамаға жоғары баға берді.



Есептік кезең барысында жұмыс тобының мүшелері «бай-кулактар» қатарына жатқызылып қудалануы мен жазалануы жайлы мәліметтер жинау барысында Ақмола облысының мемлекеттік мұрағаты мен Зеренді ауданының мұрағат қорларында зерттеу жұмыстарымен айналысты.

247-қор/1418, 1-тізім /Көкшетау ауданының байлары мен кулактарының тізімі/ 196 бірлік, мұнда жалпы тізім есептер мен әрбір адамның жеке ісі берілген, 247-қор, 1-тізім, 10іс 193а-210,

54-қор, 1-тізім, 175-іс,

11-қор, 1-тізім, 30-п, ұжымдастыру барысы жайлы жарты жылдық статистикалық есеп 1937 ж.

51-қор, 1-тізім, 100-іс, Ауылшаруашылығын ұжымдастыру жайлы құжаттар мен материалдар жинағы

51-қор, 1-тізім, 101-іс, Ауылшаруашылығын ұжымдастыру жайлы /1927-1932жж/

11-қор, 1-тізім, 21-84-істер. Ұжымдастыруға қастысты құжаттар.

Қорытынды мен ұсыныстар:

Ақмола облысының мемлекеттік мұрағатының құжаттары мен материалдарымен қатар бүкіл облыс көлемі бойынша ұжымдастыруға қатысты толық ақпараттар алу үшін аудандар мен орталық мұрағаттарда жұмыс жасау керек. Қазіргі таңда облыстың барлық аудандық мұрағаттарымен осы мақсатта ақпарат алмасу жұмысы жүргізілуде.

**1916-1930 ж.ж. қазақстандық саяси босқындар бойынша 4 зерттеу тобы** (Уалиев Т.А., Сейтенова С.Ж., Жаманова Г.Т.) өз жұмысын 10 тамызда Ақмола облысының мемлекеттік архивінде бастады. Есептік кезеңде Ақмола облысына шектес өңірден Аиртав ауданынан қашқан кулактар мен байлардың тізімі ( ауылдардың орны көрсетілген) анықталды, олардың мекен-жайлары 1932 жылғы деректер бойынша белгіленбеген-отбасы мүшелерінің сандық құрамы бар - 760 адам, Архив материалы сканерленген барлығы 52 бет, беттер зақымдалған, осыған байланысты толық емес деректер бар (247/1418 қор, 1-тізімдеме, №197 іс). Сондай-ақ қашқандардың, бірақ ОГПУ-ден ұсталғандар бойынша істердің мәліметтері және олардың Оңтүстік Қазақстанға шығарылғанын растайтын мәліметтері бар материалдар табылды, барлығы-128 адам, тегі бойынша тізім бар. Архив материалында босатылған, қайтыс болған және ұсталғандар туралы қолжазба белгілері бар, Мұрағат материалы сканерленген ( 247/1418 қор, 1-тізімдеме, №195 іс).

Бұдан басқа, елден қашуға әрекет жасауға болатын болжамды себептер анықталды, бұл партия, әкімшілік қызметкерлер тарапынан олардың әлеуметтік жағдайына байланысты отбасы мүшелеріне қысым жасалуына байланысты, айыппұлдар, партиядан шығару, жаза - қылмыстық жауапкершілік көзделеді (Архив материалында кейбір тегі бойынша деректер бар, Архив материалы сканерленген).

